

Егемен Қазақстан

Сарқыт сақталса ғана ұрпақ сабақтастығы үзілмейді



Жаратылысы бөлек жақсыларды еске алғанда артында қалған тұяғы бар ма екен, тегіне тартып па, әлде жүн-жұрқа ма екен деп жатады. Бұл әлімсақтан бері солай. Тұяқтың жетілуі мен кетілуі – кейде қилы тағдырларды, қиын сұрақтарды алдына көлденең тартатыны сөзсіз. Таға болмаса тас қыры тұяқты шыдата ма? Жоқ. Сол секілді текіден қалған тұяқты, барлық ұл-қызды бөліп-жармай балапандай баулымасаң, бауырыңа тартпасаң, езуің жиылмай қара басыңды ғана мақтасаң, өзім деп өзеуресең, ұлт ұланы қайдан оңалсын? Бұған жеке адамның қысастығы мен зұлымдығы да, көрсоқыр көре алмастығы да, қоғамның қыл шылбырлы құрығы да «септігін» тигізбей қоймайды. Қазақ бір замандары жеріне қарай пейілі мен ниеті бұзылмаған, Алла қолдап, Қызыр баба жебеген ел болғанын анау ғасырда ұлт ұстазы Ыбырай Алтынсарин: «Қазақ халқы – азбаған халық. Ол салып берген тар шеңбердің қыспағына сия алмайды. Оның ой-пікірі еркін.

Оған тек сана-сезімнің қалғып кетпеуі керек», деп тайға таңба басқандай айтып кеткен. Сол еркін елдің ынтымағы жарасқан берекелі адамдарын жылан бауырлап келіп азғырған, біріне-бірін айдап салып жауластырған, желбуаздарды көтере қыркып, ойы кемелдерді кемітіп, кең пейілді тарылтқан кеңестік зымиян саясат екі арадан «мал» тапқан қилы кезеңдер халқымызды әлсіретіп, жерімізді тарылтып, құнарлы топыраққа өзгелерді тоғытып, тоқымдай үй орнына зар еткен. Бұл мансап үшін, марапат үшін – ең алдымен ел иесі болады дегендердің «Күлтегін» жырында айтылғандай: бектердің ымырасыздығынан, жауласқанынан, дауласқанынан да болған. Мұндай жат қылық асқына келіп, өткен ғасырда халықты қойдай жусатқан, қынадай қырған қырғынға әкеліп тіреген.

Зымиян саясат қазақты ұлттық генофондынан айыру үшін бәріне барды. Сүт бетіндегі қаймағын қалқып алып, сарысу араласқан аталасын атқа мінгізіп, сен мінсізсің деп қопандатты. Бұл ұлтқа ұйытқы, жұртқа қорған болатын тектіні тентіретіп, Күдері қожа айтқандай, атадан артық туып туұстайтын жетеліні жер жастандырып, тезек ұстайтынды алға оздырды. Тілі мен дінін ала-шұбар етіп, рухын жоғалту арқылы орыс патшасынан қалған байтағынан түпкөтере айырып, телегей-теңіз байлықты иемденуді көздеді. Жетпіс жыл желкелеген тұста осының біразы орындалды. Қазірде соның зардабын тартудай-ақ тартып келеміз.

Иә, аққа Құдай жақ екен, запыранды заманның қарасы батып, тәубе, Ел болдық!

Бұлайша сөйлеудің себебі, көптен бері Абайды қайыра-қайыра оқып, ұрпақтары туралы жазылған еңбектерге үңілгенде: данышпанды халықтан алыстату, өлеңін өресіздікке балап оқытпау үшін үстем күштің сойылын сүйрегендердің біраз «әурелегенін», 30 жылдарға дейін ұлылығына күмәнмен қарап, күнірене сөйлегендердің, күңкілдегендердің, оларға қарсы «төтелей шапқан» батылдардың болғанын, дара ақынның кіндігінен жаралған ұрпақтың басын қорғаған торғайдай тоз-тозы шыққанын білдік. Тіпті атажұртының бір тал бұтасынан пана таба алмай, безіп кеткендері туралы деректер ет жүрекке біздей қадалды.



«Пұт болдым деп мақтанба, пұттан ауыр батпан бар. Биікпін деп мақтанба, асқар-асқар таулар бар, арғы жағында аспан», деп өсиет қалдырған Құнанбай қажының ұлы Абайдың бойында жеті атасынан бері үзілмеген алғырлық пен шешендік, тектілік пен тегеуіріндік, ақындық пен ақылдылық, парасаттылық – бәрі де бар. «Атадан алтау, Анадан төртеу, Жалғыздық көрер жерім жоқ», деген өзі. Сол Абай данышпанға шамасы келмегендер ақыл-парасаты қандарында бар ұрпағының көзі ашық, көңілі ояу қимыл-қарекетінен үрейленіп, небір қасиетсіздікке барған. Несін айтасыз, ондай ішкі себін түгендеуді ниет еткендер алдымен Абайдың жағасына жармасып,

өлеңдеріне «өрттей тиген». Бірақ өздері тұтатқан өлеусіреген отқа өздері шарпылған. Алып ой иесінің рухы ондай ергежейлерге бой беріп, есесін жібермейтінін білген соң, әлгіндей қысастықпен ұрпағына ұрынған. Сол сұмдықтарды оқи отырып кемел адамның кең пішілген бір сарқытымен дидарлассам, тілдессем деп жүретін едім. Соның сәті өткен жылы түсті. Ол – Абайдың ардақты ұлдарының бірі Мағауияның немересі, ұлы ақынның шөбересі Ишағы Жағыпарқызы еді.

– Қалқам, мен Абай атамның, Ділдә анамның кенже баласы Мағауиядан тараймын, – деп бастады әңгімесін ақ қағаздай асыл жан. – Абай атамның тұқымында 90-ға келген кісі болмаған. 90-ды айтасың, көбі 80-ге де жетпеген. Тек Құнанбай бабам ғана 80-нен асқан. Тәңірім көрер күнімді ұзартқан шығар, мен 91-ге таяп қалдым. Бірімізге біріміз қара, құс қанатындай сүйеу болып жүретін едік. Ғазел сіңлім осыдан екі жыл бұрын 85 жасында бақилық болды. Атажұртымызға апарып, әкемнің қасына жерледік. Менің де мәңгілік орным сонда. Ел азаматтарына мың да бір рахмет! Ғазелді мәңгілік сапарға аттандырғанда анау Астанада министр болып жүрген Мұхтар Құл-Мұхаммед, ректор Ерлан Сыдықов, өзгелер тік тұрып қызмет етті. Екі үйлі жанынан, Мағауия мен Құтайба әулетінен мен ғана қалдым.

Ишағы Жағыпарқызының қос жанары жасаурады. Сәлден кейін өзіне өзі келіп, төрдегі Абай атасының бейнесі өрнектелген кілемшеге қарап: «Е, қарағым-ай, Абай атамнан 100-ден аса ұрпақ тарап еді, қалмай барамыз. Менде байлық жоқ, бар байлық Абай атамның ұрпақтары жайлы құжаттар, суреттер ғана. Мына үйді де ұлы Мұқаң – ұлы Мұхтар аға әперіп еді. Мен Ділдә әжемді көрдім. Ділдә (алтын ақшаны осылай атаған) қандай құнды болса, менің Ділдә әжем де сондай аяулы ана еді. Мені «сары қызым» дейтін. Ұмытып қалмай тұрғанда айтайын, ұлы әжем 1924 жылы өмірден озған ғой. Абай атама тәбиғи Уәсилә апам ол кісі туралы: «Апам (Ділдә) жай сөйлейтін, өте сабырлы, түсі аққұбаша, қыр мұрынды, көзі үлкен, сұлу өңді еді. Үйінде жұмыс істеп жүрген адамдарды ренжітпей бауырына тартып отырушы еді. Мен осы апамның бауырында өстім», – дейтін де артынан: «Әкем (Абай) Мағаш ағаның (ол Мағауия атамды аға дейтін еді) өліміне қатты қайғырды, оның қырқын өткізген соң жатып қалды. Аузы-мұрнынан, құлағынан қан кетті. Үш күннен соң көз жұмды. Қаны қатты көтерілген болса керек», деп отырушы еді. Абай атам ұлтына ақыл-парасатымен, өлеңімен, қарасөзімен қорған болса, ұрпағының мәуелі бәйтерегі еді ғой. Сол бәйтеректің бір бұтағы Мағауия атам болатын. Ол туралы кейінгі жастарды қайдам, бұрынғылар жақсы білетін еді. Әбдірахман екеуіне Абай атам көп үміт артқан екен. Әбдірахманның өмірі қысқа болды. Е, е, кең пішілген өңкей келісім еді-ау!».

Апамыз терең күрсінді. Кеудесіне қолын қойып: «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым!» деген Абай ұрпақтары өткен жол – қиямет жолындай болса, қалай күрсінбесін. Өз ажалынан кеткендер аз екен, қуғынның құрбандары көп екен. 30-шы жылдардағы ойранда ақын ұрпақтарын қоғадай жапырыпты. «Жаны аяулы жақсыға қосамын деп, Әркім бір ит сақтап жүр ырылдатып», деп Абай айтпақшы, кеңес өкіметі астарлы саясатын іске асыру үшін билік бишігін тексіздерге, епсіздерге, ойсыздарға берген. Олар жетілдім, жеттім, құлдықтан құтылдым, ырық өзімде, құрық қолда деп жаны аяулыларға тепсініп келіп, тікендей қадалған. Мұндай сұмдық біздей тырнақты шеңгелге Тұрағұл Абайұлы да ілінген. Оны атақонысынан бездіріп Ташкентке асырып жіберген. Ол қазағымның бір пұшпағы ғой деп Шымкентте бой тасалап жүргенде есіл ер көз жұмыпты. Құдайға емес партияға сенген белсенділер қазақта жер құрып қалғандай зират үстіне зауыт саламыз дегенде Тұрағұлдың сүйегіне ие, қазып алып қайта жерлейтін адам табылмай, сол зауыттың зіл батпан астында жаншылып қалыпты.

– Ізқайіл: (Зікеш дейді екен) мен Меқайылды (Мекеш) айтсаңшы, – деді Ишағы апай, – біріншісін, қудалап жүріп құртты, екіншісін жаптым жала, жақтым күйемен Шәкәрім атам секілді оққа байлап жіберді. Сөйтіп, Абай атамның кіндігінен тарағандарды құртып тынды.

Сонда Абай балаларын сондай қасіретке ұрындырған пенделер «Адамзат – бүгін адам, ертең топырақты» (Абай) ұмытып, «Не пайда, не залалды біле алмай» (Абай), «Қазақтың қайсысының бар санасы? Қылт етерде дап-дайын бір жаласы. Пысықтықтың белгісі – арыз беру, Жоқ тұрса бес бересі, алты аласы», деген аталы сөздерден «арсыздықпен ұятсынбай» (Абай) сабақ алмаған ба, әлде отырған орынның, ішкен астың, киген киімнің құлына айналып жүре берген бе? Осы арада ойға академик Кеңес Нұрпейісов айтқан бір дерек оралып отыр. Ғалым 1937-1939 жылдары 100 мың адам айыпкер болып, 25 мың адамның атылғанын, Алатаудың баурайындағы бір қуыста

жатқан, сауаты да шамалы әкесінің «жапонның шпионы» деген желеумен қудаланғанын айтып: «Алғашында соған сендім, артынан Алаш арыстарын зерттегенде ол ойымнан қайттым. Атылған мен айдалғандардың көбінің түбіне «үштік» деген пәле жетіпті», деп еді.

Хакім Абайдың өз кіндігінен тараған ұрпақтарын өзектен тепкен кеңес өкіметі немерелеріне де бөрінің бөлтірігі деп килігіп баққан. Ашаршылыққа ұрындырып, рухын жасытқан. Ақындығы мен әншілігі тең түскен, ата жолын қуған, халықты надан қылықтан қалай құтқарам деп шарқ ұрған, өмір шындығын: «О, ішінде қымың да бар, жымың да бар, Өмірде би болмаған сұмың да бар. Анық, әділ тартылса таразыға, Балта мен шабатұғын мінің де бар», деп бір қайырып тастайтын Әубәкір Ақылбайұлы, педагог, күйші, төгілдіріп мақалада жазатын Исрайыл Ақылбайұлы адам айтқысыз қиындықта көз жұмған екен. Олар ұлыдан қалған ұлы қасиетті жалғап, өлеңдерін жазып, оған қоса Огинскийдің, Моцарттың, тағы басқа әлемдік деңгейдегі ұлылардың туындыларын қазақ топырағына әкеліпті, сан-түрлі аспаптың басын қосып оркестрге түсіріп, жұртқа тыңдатыпты. Бірақ уақыт «күлдары» заманынан асып туған заңғарларды жойып жіберген. Сондай арыстарды көретін көздің соқыр, естір құлақтың керең болғанын қарасаңызшы!

Зүбәйір, Жебрәйіл Тұрағұлы Абай немерелері де өрелі, өнерлі, орысшаға жетік болған. Бірақ бай тұқымы, алашордашының баласы деген жаламен бастары даудан арылмай, әулеттерімен қырғыз асып, Ташкентті паналаған. Зүбәйір Бішкекте қайтпас сапарға аттанған. Болған жерде, ілгері елде бір ана, бір әкеден туған арыстардың сүйегі әр жерде шашылып қала берген. «Алашқа іші жау боп, сырты күлмек, Жақынын тіріде андып, өлсе өкірмек», деген Абай ұрпағының басына әнгіртаяқ ойнатқандар былайғы жұртқа не көрсетпеді дейсің.

– Мұның бәрін неге термелеп отырмын, қарағым!?! Алла келер ұрпаққа мұндай сұмырайдай сұмдықты көрсетпесін, ел болып ту көтерген қазақ сабақ алсын, көрсоқырлық, көрсеқызарлық, ойсыз жуан жұдырық болмасын, жақсының қадіріне жетсін, асылын ардақтасын, жасығын жетілдірсін, өлгеніне құрмет көрсетесің дегендіктен. Біз бір әкеден бес қыз, үш ұл едік. Әкемде қудалаудан құр қалмаған. Бас сауғалап қазіргі Шығыс Қазақстан облысы, Шемонайха ауданының Убо-форпост орыс қолдылау ауылға барып, қазақ мектебін ашып, соның директоры болады. Бүкіл бір халыққа топырақ шашуға болмайды. Орыстың да жақсысы бар. Жақсысы мен жаманын сол аласапыранда, соғыста, бейбіт күнде көрдім. Әкемді қара тартып туған жері Шыңғыстаудан адамдар Убо-форпостқа келіп жатты. Оларды «откочевниктер» деді. Менің әкеме орыс ұлтының өкілдері емес, «Байдың баласы, қашқын Шәкәрімнің інісі», деп өз қандастарымыз инеліктей қадалды. «Дүниеде түпкі мақсатың өз пайдаң болса, ол жол – Құдайдың жолы емес. Не түрлі болса да, я дүниеңнен, я ақылыңнан, я малыңнан ғадәлет-шапағат секілді біреулерге жақсылық тигізбек мақсатың болса, ол – Құдайдың жолы» (Абай), деп қара тартып келгендерге қарайласу, қысылғандарға қамқор болу Абай атамнан қалған үлгі еді ғой. Бір отбасын үйімізге кіргізіп, бірге тұрдық. Органның адамдары күнде тексеретін. Әкем қатты іш жияды. Үрей ме, әлде бізге білдірмей жасаған қысымнан ба, ол кісі алты күндей ауырды, одан кейін көз жұмды. Дәрі орнына у беріпті десті. Менен үлкен әпкем Рәпила айтатын: «Бір дәрі ішкізді. Әкем одан кейін дірілдеп, қалшылдап кетті. Кейін тексергенде әлгі дәрі дегені у болып шықты. Әкеме дәрігер шақырғанда адам дәрігері емес, мал дәрігері келген», дейтін. Кейін осы ақиқатты естелігімде жан-жақты жаздым. Заман оналғанда сол Убо-форпостқа қалған әкем мен әжем Дәмеғөй, Кәмила тәтемнің сүйектерін Ақшоқыдағы Құнанбай әулетінің зиратына әкеліп жерледік. Оған сол кезде Семей облыстық атқару комитетінің төрағасы Екейбай Қашағанов деген азамат көп көмек берді. Мықты жігіт еді. Қазір ақша деген ардан безген – адамдардың бәрін бұзып болды. Алла қайырын берсін! – деп Ишағы апамыз бір тыныс алғанда біздің ойымызға Абай шөберелері оралды.

Аштық апаты, қуғын-сүргін қасіреті енді басыла бергенде, 1945 жылы соғыс оты бұрқ ете түсіпті. Шашырап кеткен Абай шөберелері де майданға аттаныпты. Олардың жас шамасы 18 бен 19-да екен. Он азамат: Ғабдісәлам және Әлихан Әубәкірұлы, Енгіман мен Ехсан Әбдірахман немересі, Берекехан мен Жошыхан Мағауия немересі, Ғұзайыр мен Әлішер Мекайыпұлы, Тоқташ Ізқайыпұлы, Алпаш Жебірәйіпұлы, бір қыз – Ишағы Жағыпарқызы еді.

– Сол он ұлдан мүгедек болып Алпаш Тұрағұл немересі, мен тірі келдім. Ол Жебірәйілдің баласы еді ғой. «Кешеге Оспан ағасы, Кісінің малын жемепті. Мал сұраған кісіге, Жоқ, қайтемін демепті... Алақолсыз мырза еді. Кем-кетікті елепті. Оны да алды бұл өлім, Сабыр қылсақ керекті», деп Абай атам бір емес үш өлең арнаған Оспанның атына жазылып, Алпаш Оспанұлы болып өтті

өмірден. Естіп қалам, мына іргелес орыс елінің Абай атам секілді ұлыларының ұрпағы төрткүл дүниеден жұмылып келіп, бабаларының кіндік қаны тамған жерде бас қосады екен. Араларында тілдері бөлектері де бар көрінеді. Бірақ жан бөлек болғанмен – қан бір ғой. Ата рухын ардақтай алсаң – тіл деген не, тәйірі. Бұл кейінгіге сабақ болар еді, – деп Ишағы Жағыпарқызы тағы Абай атасының кілемшедегі суретіне сығырая қарады. – Мен соғысқа өзім сұранып бардым. Жапон империализмін талқандауға қатыстым. 1945 жылдың қараша айында елге оралдым. Ұлы Мұханның көмегімен жоғары оқу орнын бітірдім, еңбек еттім. Қазір зейнеттемін.

Ишағы Жағыпарқызы Мұхтар Әуезов, Уәсилә Мағауияқызы (1890-1954), Кәмила Мағауияқызы (1900-1932) туралы әңгіме қозғағанда шешіле сөйледі.

– Әке мен шешеден бірдей айырылғанда Уәсилә Ғазел екеумізге әке де, шеше де болды. Уәсилә Абай атамның бауырында өсіпті. Он үшке келгенше атам оны «балам» деп еркелетіпті. Содан да шығар, ұлы Мұханның оған ерекше құрмет көрсеткені. «Бай, шонжар Құнанбай тұқымын құрту керек, Абай балаларын арадан аластау қажет», деген озбырлық ол кісіні де айналып өтпеген. 1928 жылы қырғыз еліне жер аударған. Сол жақтан Мұхтар Әуезовтің көмегімен Алматыға келген. Абай, Мағауия атамдардың өлеңдерін жатқа айтатын. Зерек, зерделі болатын. 1954 жылы өмірден озды. Ұлы Мұхан бастап, ақжарқын Сәбит Мұқанов ағай қоштап, Сапарғали Бегалин демеп, өзгеде азаматтар жебеп «Абай немересі» деп ардақтап, жер қойнына тапсырды.

Сөз арнасы Кәмилаға ойысқанда Ишағы Жағыпарқызының ақсары өңі әлденеше құбылып, кең мандайындағы айқыш-ұйқыш тамырлар бүлкілдеп кетті.

– Қос бұрымы жер сызатын Кәмила Мағауия атамның кенже қызы еді ғой. Алла көрікті де көркем етіп жаратқан. Содан болар Мұхтар аға оған ерте көз салған. Екеуі жеті жыл бақытты өмір сүріпті. Зере, Мағрипа атты екі қыз көріпті. Амал не олардың өмірі қысқа болыпты.

Тағдыр тәлкегімен Мұхтар аға Кәмила екеуі ажырасады. Әкем Кәмила әпкемді қолына алады. Көңілі сергісін, елмен аралассын деп Семейге оқуға жібереді. Бірақ денсаулығына байланысты оқуын аяқтай алмайды. Қайтадан үйге келеді. Алабұртқан көңіл бір жерде тұрақтай алмай, бұрынғы Фрунзе қаласында күн кешіп жатқан Уәсилә апасына жол тартады. Ол жақта да көп жүрмей: «Жәкемнің (менің әкем Жағыпарды солай атаған) жанында болайын», деп қайтып кетуге бет бұрып тұрып Уәсилә әпкеме: «Мұхтар түрмеге түсіпті, артынан іздеп кім барады дейсіз, жүдеп-жадап кеткен шығар. Азық-түлік апарып берсем», депті. «Жә, әлі ұмытпағансың ба? Мұхтар саған жоқ енді», дейді Уәсилә әпкем. Бұл сөзді ол оның көңілін суыту үшін айтқан ғой. Әйтпесе Кәмила үшін Мұхтар ағаға ол өкпелеп он үш рет хат жазғанын білетін едім.

Е, Кәмила өле-өлгенше Мұхтар деп кетті. «Көзіңнің сағынамын қарағанын, Жүрекке махаббатпен тарағанын», деп өлең де жазды. Мына бір тосын оқиғаны айтпасам болмас. Кәмиляның қасында қуыршақ ойнап отырғам. Қайшыны қолына алды да ұзын шашын жайып жіберіп, түбінен тай күзегендей етіп қиып тастады. Жібектей шаш төбедей болып үйіліп қалды. Шешем: «Қалқам-ау, мұның не?!» деп еді: «Маған көрік неге керек!» деп теріс айналды. Кәмила тәтемнің қолаң шашы тірсек емес, тобығынан төмен түсетін. Кейде Мұхан орындыққа шығарып қойып, өзі өріп беретін болған. Шаш әйелдің көркі ғой, қазір оның қадірін кетірдік. Бояймыз деп түте-түтесін шығардық. Мен кейде ер мен әйелді ажырата алмай қалам.

Кеселге кесел жамалып Кәмила тәтем 1932 жылы «Мұхан, Мұхан!», деп зарығып жүріп дүние салды. Мұхтар аға: «Қарагөз» трагедиясындағы Қарагөз – Кәмиляның прототипі ғой», деп отыратын. Кейде бір ашыла әңгімелескенде қаламгер Уәсилә апама: «Уәске, он үш хаттағы өкпең орынды. Кәмиляны жылатқаным өмірдегі кешпес қателігім. Үш бейне көз алдымнан кетпейді. Олар: Қасымбек ағам, Мағауияқызы Кәміш (Кәмила), Тұрағұлұлы Жебірәйіл. Бұлар ұйықтасам түсімнен шықпайды, күндіз көз алдымда тұрады», дейтін. Осының өзі ұлының ұлылығын көрсетпей ме? Басқа біреу болса, басын ала қашып күнәні өзіне жолатпай, өзгеге аударып кісімсір еді ғой, – деп мына бір деректерді алға тартты.

Аштықтың алапатына, қуғын-сүргіннің зобалаңына жалғасқан сұрапыл соғыс біткен жылдың жазында Абайдың 100 жылдық мерейтойы аталып өткені белгілі. Бұл қалжыраған халықты бір серпілтіп, ұлысы бар ұлт екенімізді дәйектеген еді. Ақынның азапты жылдардан аман қалған ұрпақтарының жағдайын ескере отырып, Халық Комиссарлар Кеңесінің Төрағасы Нұртас Ондасынов орталыққа жалтақтамай, жалпақтамай жоққа жүйрік жетпес, барды бағалайық деп батылдық танытып Абай әулетінің алты адамына зейнетақы тағайындайды.

– Сол алты адамнан бұл күнде ешкім қалған жоқ. Бәрі о дүниелік болды. Маған бертінде, алдына барып өтінішімді айтқанда, бір сөзге келмей Қазақ елі Министрлер Кеңесінің Төрағасы, таяу жылдарда ғана бақиға аттанған Бәйкен Әшімов Абай атамның атынан 110 сом дербес зейнетақы тағайындады. Жақсы ата балаға қырық жыл емес, өмірлік азық екен ғой. Қазір де алып тұрамын. Ол кезде зейнетке шыққан министріңіз ары кетсе 100-120 сом алатын.

Бізге ұлы Мұхтар Әуезов көп қарайласқан еді. Одан кейін тағы бір Мұхтар (Құл-Мұхаммед) ініміз шығып, Абай ұрпақтарына бар мүмкіндігінше қол созып келеді. Оған атамның аруағы жар болсын деймін. Ең бастысы бүгінгі заманның Мұхтары алдымен «Абай энциклопедиясын» шығарды. 1990 жылы Ғазел екеуімізге стипендия тағайындады. Оны да алып жүрмін. Ақшадан тапшылық көріп жатқам жоқ. Ел аман болсын! Қазақтың абыройы, қазақ азаматтарының мәртебесі биіктей берсін, деп тілеймін күні-түні, – деген Ишағы Жағыпарқызы, – Е, Мұхтар Омарханұлы шарапатты адам еді ғой. Алла түр-тұлғасын да молынан жаратқан. Жас кезінен-ақ Абай елі оны құрмет тұтқан. Келе жатыр десе, қыз-жігіттер көш жерден алдынан шығады екен. Өнерліні қатты құрметтепті.

Әлі есімде, баламын ғой, Кәмила тәтем екеуі отырған он қанат киіз үйге кіріп барыппын. Кәмиланың басында келіншектер киетін кимешек–шәрші. «Сары қыз саған не керек?» деді. «Кәмпит жеймін» дедім. Кейін осы оқиғаны еске алғанда Мұқаң: «Иә, Кәмішке жараса ма деп сенің шешең Кұлманардың кимешек-шәршісін кигізіп жатыр едім», дейтін. Ленинградта оқып жүргенде Кәмила тәтеме күміс сервис (құлақты шыны-аяқ, т.б), «Зингер» қол мәшинесін әкеп бергенін есіне түсіргенім де: «Пәлі, өзің кішкентай болсаң да, бәрін ұмытпапсың ғой. Бала кезде адамның ой-санасы таза, қартайғанда ғой ұмытшақ бола бастайтын», деп еді. Сол «Зингер» деген іс мәшинесін сіңлім Ғазел өмір бойы қолынан шығармай өтті. Жақсының шарапаты қашанда бөлек болады, қалқам! Заман түзелген тұста Мұхтар аға Абай ұрпақтарын көзден таса етпеді. Сыртта жүргендерін елге, Алматыға шақырды, үй әперді. Бәріміздің жоғары білім алуымызға жағдай жасады. Уәсилә апамның қырқын өзі беріп, басына ескерткіш орнатты. Жылына бір-екі рет үйіне бәрімізді жинап, жағдайымызды сұрап, өсіп келе жатқан жастарға не қажет, қандай көмек керек деп отыратын. «Жасқанбандар, тілектерің болса білдіріңдер. Мен Абайдың арқасында атақ-даңққа бөлендім, ендеше неге Абай ұрпақтарына қарайласпаймын», дейтін. Өмір, шіркін, өкінішсіз болған ба?! Тарыдай шашылған Абай ұрпақтары Мұханның дәнекер болуымен табысып келе жатыр едік. Жаратқан Ием осыны көп көрді ме, ұлы қаламгер кенеттен көзден ғайып болды. Мұхан арамызда жүре бергенде өзіне үлгі еткен Абай өнегесімен бізге қарайласып қана қоймай, біріктіріп, бір белеске көтеріп, данадан бір дара жастың шығуына жол ашар ма еді?! – деген Ишағы апамыздан Абайдың бүгінгі арамызда жүрген ұрпақтары туралы сұрағанымызда, – Исрайылдың қызы Абай шөбересі Гүлзипа Зайсан қаласында тұрады, өлең жазады. Еркек кіндіктен жалғыз ұл бар. Ақтауда. Ол Ақылбайдың (Ділдәдан) Әлімқұлдан туған Бағұфұрдың баласы – Айдар. Сол Айдардан бір жалғыз – Данияр, – деді.

Данияр Айдарұлы Санкт-Петербурдағы гидрометеорология институтының мұхиттану факультетін бітіріпті. Бұл мамандықты бітірген Данияр сияқты жас қазақта санаулы шығар. Тіпті жоқ болуы да мүмкін ғой. Данияр туралы белгілі ғалым, профессор Тұрсын Жұртбай: «Қазақтың тұңғыш Жан Кустосы бола ма, жоқ па, оны болашақ көрсетеді. Ал мұндай мүмкіндік Даниярдың тегінде бар», дейді. Тектінің тұқымы тегіне тартып Жан Кустодан асып жатса, Абай рухы тағы бір қырынан көрініп, тектіліктен бастау алатын қазақ сабақтастығы, міне, дер едік-ау!

Иә, зұлым заман кетті. Қазақ елі Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев бас болып, азаттығына қол жеткізді. Енді алдымызға үлкен міндет қойып отырмыз. Оған мінсіз жетудің бір жолы мемлекет атын алатын ұлттың генефондын жетілдіру, сапасын көтеру. Не бір аласапырандардан аман алып шыққан тектілік деген ғажап құбылысты қайта тірілтіп, ұлтымызға, жұртымызға тіреу ету. Тексіздіктің тамырына балта шауып, құрдым замандардың жетесіздігінен жеріну, кемелдікке ден қою. Осы күнгі ат үстіндегілердің, қалтасы қалыңдардың, пысықайларды, қисынын тауып қиыстырғыштардың өзі де, ұрпағы да мықты дегенді жиі айтатын болдық. Бірақ олар ертеңгі уақыт сынына төтеп бере ала ма? Қолдаушысы аттан түскен күні, түрлі жолмен жиған байлықтың құнына жетпей жүріп құлдыратып алса, олар қайтадан жол таба алар ма? «Менен кейінгі күнің не болар екен?» – деген әкелер мен шешелердің үні кейде естіліп қалып жүр. Егер олар ұрпағына сенсе, табандарының бүрі мықты екеніне көзі жетсе, олай демесі айдай анық. Мұндай да атам қазақ «Жетектеген ит ауға жармайды» демейтін бе еді.

Абай әулетінен қалған санаулы ұрпақты біреу біледі, біреу білмейді. Қазақта ел тұтқасын ұстайтын қабілет бар дегенді Шоң би дәйектеп берді емес пе? Жоғары билікті қоя тұрып руханият саласы бойынша ұлттық генофонды қалай жетілдіреміз дегенді ойластырдық па? Іргеміздегі Ресейдің биыл 100-ге келген ақыны Сергей Михалковтың әулетіне қызықпайтын кім бар? Ол туралы зияткер Сауытбек Абдрахманов тамылжытып жазды. Осындай дара дарын, алып ақыл иелері қазақта жоқ па?! Бар. Тек соны көрсек, көріп қана қоймай үлгі етіп танытсақ, ұтылмас едік, ұтар едік. Әпербақандар әлек салған тұста үзіліп барып, қайта төбе көрсетіп келе жатқан тегеурінді тектілікті жаңа қырынан жандандырсақ, бүгінгі күнге ұластырсақ деген асыл ой, түзу ниет әрбір қазақтың санасында күні-түні Ахмет Байтұрсынұлының «Масасындай» ызындап жүруі тиіс. Мұның астарынан ұлтшылдықты, оқшаулануды іздеп қажеті жоқ. «Ұлтшылдық – ұлтты тәуелділіктен, кіріптарлықтан азат етудің жалғыз жолы», деген Мұстафа Шоқай сөзін құлаққа іліп, көңіл аударудың артықтығы болмас. Көк тудың түбінде тұрып қипақтау қазақтың арына сын. Әрине, бұл арада төңірегімізге қарамау керек деген ой жоқ. Төңірегімізге қарай тұрып, қазақ халқы жер иесі, ел иесі екенін ұмытпағанымыз жөн. Жалтақтаудың да, жалпақтаудың да ел болған тұста жөні бар. Біз, яғни бүгінгі ұрпақ өткен мен бүгінгінің ортасындағы көпір секілдіміз. Көпірдің тіреу, тірегі тікелей бізге тәуелді. Егер осы тәуелділікті дұрыс атқармай, кейінгі ұрпақты тәлтіректетіп кетсек, азаттыққа адалдық танытпағанымыз болып есептеледі. Ендеше, біздің Алла алдында, ұрпақ алдында қарызымыз көп, парызымыз өлшеусіз.

Біз де осындай құбыласы қырық құбылған кезеңде «Қайда кеткен Мадьярдың қуаты?.. Қашанғы біз қуыршақ боп қаламыз? Жетеді енді! Сарбаз болсын баламыз!» деп ұлтына ұран тастаған Шандор Петефи секілді дәуір дамуынан шет қалмай, бәрін есептеп, ескере отырып мықты ұрпақпен ата қалыбын, ана өнегесін сақтауға күш салуымыз керек. Бұлай деудегі себеп, жасыратыны жоқ, қазақ ұлтының келбеті өзгеріп барады. Халықтық болмыс Наурызда ғана жан-жақты көрініс табатынын жасыра алмасақ керек. Қалған уақытта жастарды айтпағанда көбіміз, қарттар да еуропалықпыз. Басқалардың да қызыл-жасылынан құр қалмай, жанай шауып жүрміз. Бұл еркіндікті еркелік деп ұғып, арғы-бергі кезеңге көз жібермей, өте ашық-шашық кеткендігімізден болар. Оған қоса, өзіміз өндірмей өзгенің тіккен киімін киіп, әзірлеген тамағын ішіп, дайын асқа тік қасық болуымыздан да шығар. Ата-баба деп сөзді асқақ сөйлегенмен, істегі бейберекетсіздік, қара бастың қамы, жегі құрт – жемқорлық, көз алдымыздағы әділетсіздік намыссыздыққа ұрындырып бара жатқан жоқ па екен? Қалай десек те, ендігі жерде, өркениет деп Еуропаға өзеуреп, тағы біреуге табынып, сөлкебайын тағынып, өз тіліміз сыңар аяқтап тұрғанда, о, міне, керемет, деп басқа тілге бас ұрып, жарнаманы сол тілде жазып жаңыла бермей, еліктеп-солықтаудан ес жиятын, көрсе қызарлықтан құтылатын, сөйтіп, қазақ бодан емес, тәуелсіз ел екенін алдымен Өзіміз түсінетін уақыт жеткенді қойып, әлдеқашан асып кетті. Өзімізді өзіміз түсінбесек, түйсінбесек, бізді кім түсінеді? Өзгелердің өз есебі барын да ұмытпауымыз керек. Бетін аулақ қылсын, бір жағдай болса қанаттас отырғандар, атажұрты барлар қотарыла көшері күмәнсіз. Бұл бүкпесіз ақиқат екенін арғы-бергі тарихқа, қилы-қилы кезеңдерге, төрткүл дүниедегі осы күнгі сапырылысқа ой жіберсең – мысал жетіп, артылады.

Өзге жұрттардағы жақсы дегенге де ойлы көзбен қарап, жат үлгіні киелі топырағымызға мүлде жолатпауымыз қажет. Шұбар тілді, сиырдың бүйрегіндей бұлың-бұлың дінді тазартпасақ, адамдық пен адалдықты көк тиынның құнындай көретіндердің көзін ашпасақ, құлқын құмарларды шектей алмасақ ертеңгі елдігіміз екі талай. Бұдан не құтқарады? Ата-бабаның бізге қалдырған тектілік деген ұғымы ғана. Осы тектілік кемігендіктен керенаулыққа барып жүрміз. Бұл сөз жүзінде емес, іс жүзіндегі мәңгілік сабақтастыққа ұласса, мәңгі ел бола аламыз. Осы сабақтастықтың алтын арқауын үзбесек сарқыт саркылмайды, тұма бұлақтардың көзі ашылып, бұлақтан көл, көлден лайсыз теңіз тұнып ағатын болады. Бұл тұжырымға – «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп... Адамды сүй, Алланың хикметін сез», деп бүкіл жер басып жүрген екі аяқты адамның бәрін бауырына тартқан, залал келтіріп, запыран құстырмас деген Абай ұрпақтарының тағдыр-тәлейін ой-санадан өткізіп, таразы басын теңшеген соң келіп отырмыз.

Сүлеймет МӘМЕТ